

А. С. ДӘУЛЕТОВА

ЕСІМШЕЛЕРДІҢ ЕСІМДЕРШЕ ЖҰМСАЛУ МҮМКІНДІГІ

Жұмсалу мүмкіндігі термині функционалды грамматика аясында жиі қолданылады. Оnda тілдік құралдың жұмсалу ауқымы, жұмсалу мүмкіндігі, жұмсалудың нәтижесі болатындығы айтылады. Осы ерекшеліктер тұрғысынан функция (семантикалық) ұғымын екі түрлі қатынаста алғып қарастыруға болады. Бұл қатынасты нақтылап аспект, бағыт түрінде түсіндіреміз. Олар: *потенциалдық* және *нәтижелік*. Жалпы функция дегеніміз – қандай да бір тіл бірлігінің сөйлеудегі атқаратын қызметі, тиесілі жүгі, мақсаттық қолданысы.

Потенциалдық аспектіден функция (Фп) дегеніміз – тіл жүйесіндегі тіл бірлігінің белгілі бір семантикалық қызметті орындау қабілеті және соған сойкес жұмсалымдық қоры.

Нәтижелік аспектіден функция (Фн) дегеніміз – тіл бірлігінің тілдік ортамен өзара аракатынастағы жұмсалымдық нәтижесі, яғни айтылуға тиісті ойдың (мақсаттың) сөйлеуде жүзеге асуы [1, 37] дейді осы мәселеге қалам тартып жүрген ғалым А.Жаңабекова.

Осыған байланысты есімшелердің есімдер сияқты жұмсалуының сыры есімше тұлғаларының функциялық жұрнақ болуымен катар сөзжасамдық жұрнақ болып та қызмет атқаратын қасиетінен емес пе екен деген ой туындаиды. Бұған бірнеше дәлелдер келтіруге болады. Біріншіден, тілімізде етістік негізді туынды сын есімдер бар. Олардың барлығы сөзжасамдық жұрнақтар ар-қылы жасалады. Мысалы, *көріш*, *бақырауық*, *озық*, *оқтауыш*, *шашираңқы*, *турме*, *ұнамды*, *мақтанишақ*, *жылауық*, *жасасмыс*, *білгір* және т.б.

Бұл жұрнақтар жөнінде арнайы диссертация да қорғалды [2]. Осындағы келтірілген етістіктен туынды сын есім туғызатын жұрнақтардың кейбіреуімен есімше тұлғалары кейде синонимдес келіп отырады. Мысалы, *-гақ*, *-гең*, *-қақ*, *-кең* жұрнақтарымен есімшениң-*ған*, *-ғен*, *-қан*, *-кен* қосымшалары мағыналас келеді. Салыстырыңыз: *қашақ-қашаған*, *жұргек-жұреген*, *бергек-береген* сондай-ақ кейде *-қар* -*кер* жұрнақтарымен де мәндес келеді: *откір-отеген*, *тыңқыр-табаган*, *алғыр-алған* және т.б.

Зерттеушілер *-ған* -*ғен* жұрнағын етістіктен сын есім тудыратын өнімсіз қосымшага жатқызыды [2, 20]. Бұл жұрнақ қимылдыңқайталануын білдіреді. Құрамындағы *-а* қимылдың көп және тез қайталануын білдірсе, *-ған*, *-ғен* есімшесінің

жұрнағы болып есептеледі. Онымен синонимдес келетін *-ған*, *-ғен*, *-қан*, *-кен* қосымшалары Н.А. Басқаков, А. Гулямов, В.В.Решетов, Н.А. Кононов, В.Н. Насилов енбектерінде талданып, оныңда мағынасы қимылдың қайталануымен байланысты көрсетілген. Б.Омардың айтуынша *-ған*, *-ғен* қосымшасының мағынасы қимылдың қайталануымен қимылдың орындалуының тездігін білдіретін мағына оғыз, қарлұқ, қыпшақ тобындағы тілдерде кездесетіні және *-қын*, *-қін* қосымшасымен мағыналарының жақындығын, арғы тегі өткен шакты білдіретін *-он*, *-ен* формалары екенін айтқан ғалымдар бар екен [2, 20]. Қалай болғанда да есімшениң-*ған* тұлғасының осы етістіктегі сын есім тудыратын жұрнақтармен бір ұқсастығы бары айқын. Жалпылай алғанда ол да етістіктегі сын есімге айналдырып тұр және өте белсенді қолданылады. Ал етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар қолданылу жиілігіне және әмбебаптығына қарай *өнімді*, *өнімсіз* деп белгінетіндігі белгілі.

Сонымен есімшениң есімдерше жұмсалуының езі бірнеше кезеңдерден тұратын парадигмалық катар құрайды. Алдымен етістік есімше тұрғасы жалғану арқылы сын есімнің қызметін атқару құқығын иемденеді. Одан кейін барлық сын есімдер сияқты заттанады. Бұл екінші өзгерісі, үшінші өзгерісі – зат есімдерше көптеліп, тәуелденіп, септеліп, жіктеліп барлық сөйлем мүшесінің қызметін атқара бастайды. Бұны кестеге түсіріп көрсетсек мынадай жұмсалымдық парадигмалық катар шығады.

Есімшелердің құрмалас сөйлем жасаудағы қызметінің кестедегі төртінші тармақ арасында деңгейаралық байланыс бары байкалады, өйткені

- | | |
|--|-------------------------|
| 1. Етістік мағынасында жұмсалуы | <i>Жігіт оқыған</i> |
| 2. Заттың, зат есімше жұмсалуы | <i>Оқыған жігіт</i> |
| 3. Заттың, зат есімше жұмсалуы | <i>Оқығандар келді</i> |
| 4. Барлық сөйлем мүшесінің қызметін атқару | Зат есімше
тұрленеді |

есімшелер бағыныңының баяндауышы болуы үшін әр түрлі қосымшаларды үстеп немесе септеулік шылауладарды ертіп тиянақсызданады. Есімшелер барлық сөйлем мүшесінің қызметін атқарғанда да тұлғалық өзгерістерге үшірайды.

Морфологиялық құрылымы өзгеше тілдердің жүйесі де өзгеше болатындығы белгілі. Сондыктан түркі тілдеріндегі күрделі құрылымдарға европалық

өлшемдерді тануға болмайды. Дәстүрлі тілдік таным бойынша құрмалас сөйлемнің классикалық түрі – дербес екі жай сөйлем. Олар жалғаулық, демесулік шылаулар арқылы байланысады. Бұғінгі күнге дейінгі құрмалас сөйлемге тек құрылымдық талаптар ғана қойылып келді. Айтальық әр сынардың нөз предикативтік орталығы болуы керек. Олар үтір арқылы, қос нүктө арқылы, Ахмет Байтұрсыновша айтқанда, кіші тыныс арқылы ажыратылып тұруы керек. Және де екі сөйлемге тән ортақ тілдік бірлік болмауы керек және т.б. Жалпы тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдерді танудағы осындағы талаптардың нәтижесінде қазақ тіл білімінде ортақ бастауышты сөйлемдер құрмаласқа жатқызылмайды. Біздің ойымызша бұнда формалділік басым. Мына мысалға көніл аударайық: *Болат алдыға озын барып, есік ашты. Болат алдыға озын барып есікті өзі ашты.* Бұл сөйлемдердегі жалпы хабар беру. Логикалық субъект те біреу – тек екіге жарылып тұр (*Болат, өзі*). Бірақ жоғарыдағы жалпы тіл білімінде қалыптасқан құрмаласты тануға қатысты талаптар бойынша бірі жай сөйлемге, екіншісі құрмаласқа жатқызылады.

Сөйлемдердің құрылымдық типтеріне қатысты қолданылатын терминдердің өзінде ерекшеліктен гөрі ұқсастық басым. Орыс тіліндегі синтаксис (құрмалас) осложненное (курделенген) терминдер бір-бірінен онша алшақ кетіп тұрған жоқ. Құрмаластар қурделеніп болған сөйлемдер болса, қурделенген сөйлемдер курделену үстіндегі бірақ құрмаластың дәрежесіне жетпеген сөйлемдер болып табылады. Бұл мәселеге қазақ синтаксисінің тарихында алғаш рет Н.Сауранбаев көніл аудаған болатын: «Сейтіп, жай сөйлемдегі дағдылы анықтауыштан басқа екі түрлі анықтауыш болатындығы белгілі болды. Оның бірі – есімше анықтауыш үйірлі мүшесі, екіншісі – анықтауыш бағыныңқылы сөйлем. Есімше анықтауыш үйірлі мүшесі деп – етістіктің өзіне қарасты сөздермен есімше түрінде өз субъектісін анықтаған түрін айтамыз [3,63]». Мына мысалға назар аударайық: *Студенттер емтихандарын уақытында откізіп демалысқа кетті – Емтихандарын уақытында откізген студенттер демалысқа кетті.* Байқап отырғанымыздай, курделі құрылым түзу кезінде есімше көсемше тұлғалармен синоним болып келеді екен. Грамматикалық түзлімі мүлде бөлек, құрылымдық механизмі де екі түрлі сөйлемдер ортақ мағынада қолданылған. Бірінші сөйлем ортақ бастауышты қурделенген сөйлем де, екіншісі есімшелі үйірлі анықтауыш. Құрылымдардың екі түрлі болып айтылуына кесемшениң-*in* жүрнағы мен есімшениң-*ган* жүрнағының синоним

қолданылуы себеп болып тұр.

Морфологиялық тұрғыдан алғанда есімше және көсемше тұлғаларын синонимдік қатарға жатқызу мүмкін емес. Бірақ есімшениң көсемшеге қатысын арнайы қарастырған еңбектер бар [4]. Олардың синоним қолданатын жері сөйлеу тілі. Дегенмен сөйлеу тілі кез келген тілдік тұлғаны көп мағыналы ете алмайды. Ол үшін қолданыстағы тілдік тұлғаның жоғарыда айтқандай семантикалық мүкіндігі жоғары болуы шарт.

Н.Сауранбаевтың айтудыңша, Еуропа тілдерінде, соның ішінде орыс тілінде анықтауыш бағыныңқы сөйлем басынқыдағы өзі анықтайтын сөзімен белгілі жалғаулық арқылы байланысады. Ал қазақ тілінде анықтауыш бағыныңқы сөйлем басынқыдағы өзі анықтаған сөзімен жалғаулықсыз тіке байланысады. Бағыныңқы сөйлемнің басынқысымен өз баяндауыштарының формасы, орны арқылы байланысуы қазақ тілінің сол сияқты түркі тілдерінің өзгешелігі болып саналады [3, 65]. Қазақ тілінің сөйлем құрылышында еңкөп кездесетін оралымның бірі – осы есімшелердің атау күйінде зат мағыналы сөзге бағынып, тұтас тізбек есебінде келетін тұрі. Тізбек құрамына енетін сөздердің әрқайсысы белгілі бір синтаксистік қызметте тұрып байланысады. Оны күрделі мүшениң құрамына енетін сөздермен шатастыруға болмайды. Олар өз алдына лексика-семантикалық топ болады да, сөйлемнің бір мүшесі болып қызмет аткарады. С. Аманжолов кезінде оралымды «талдауға келетін сөздер» деп атаған болатын [5, 69]. Сөйлемдік ынғайда айтылып, өз ішінде мүшеленетін тіркестер [6, 61], тұракты сөздер тіркесінде қазақ тілінде көтеп кездеседі.

Есімшелердің атау күйінде зат мағыналы сөзді анықтап тұруы оныңын есімше қолданылуынан келіп шығады. Осы жерде бір-бірінен туындастын парадигмалық қатар шығады. Мысалы, *Оқыған кітап* ® Мен кітапханадан алып оқыған кітап.

Мұндай кезде есімше өз субъектісін анықтаса, онда ол өзіне қарасты сөздермен есімше анықтауыш үйірлі мүшесі болады. Ал егер есімше өз субъектісінен басқа сөзді анықтаса, онда тіпті ол етістіктің бастауышы айтылмаса да анықтауыш бағыныңқы сөйлем болады [3, 14]. Н. Сауранбаев үйірлі мүшесі мен анықтауыш бағының қының арасын осылай белгілейді: Бұл пікір сөйлемнің деңгейлік типті анықтауға өлшеу бола алмағанымен есімшениң субъектіні тікелей анықтау-анықтамау жағынан келгенде құнды пікірге саналады. Мына мысалдарды салыстырайық: 1) *Оқыған кітап*. 2) *Оқыған бала*. Бірінші тіркесте оқыған етістігі өз субъектісін анықтап тұрған жоқ, ал екінші тіркестегі *оқыған* етістігі

өз субъектісін анықтап түр: *Оқыған кітап* ® *кітап оқыған бала* ® *бала оқыған кітап*. Формалділік тұргыдан келсек жоғарыда көлтірілген екі сөз тіркесі де бір модельмен жасалған анықтауыштық қатынастағы тіркеске жатады. Бірақ ішіне тереннен үнілсек екеуі бірдей емес екендігі байқалады. Қалай өзгертеек те *кітап* сөзі анықтауышқа субъекті бола алмайды. Ал *Оқыған бала* тіркесіне келсек әңгіме басқаша: *Оқыған бала* ® *кітап оқыған бала* ® *бала кітап оқыған* және т.б. Бір мағынаны түрлі тұлғалар түрлі құрылымдар арқылы беруді тілші ғалымдар функциональды синонимия деп атайды [7, 22].

Жеке сөйлемдердің анықтауыш болуы мен етістік баяндауыштың, етістік пысықтауыштың (кимылды білдіретін сөздердің) анықтауышқа айналуының екі түрлі жолы бар. Еңалдымен бұл сөйлем мүшелері есімше тұлғасында атау тұлғалы есімше) болуы шарт. Екіншіден ол анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдына шығуы тиіс. Мысалы, *Бұл ит бұрын бөтен адамды үйге маңайлаптایтын, бос жүрсе, қандай адамды болса да, алып тастайтын, енді ол бөтен кісі көрсе, қыңызылат үйге тығыларатын болды* (С.Мұқанов).

Н.Сауранбаев бұл сөйлемнің дұрысы анықтауыш қатынасқа құрылғандағысы дейді [3, 63]. *Бұрын жсай адамды үйге маңайлаптайтын, бос жүрсе, қандай адамды болса да алып тастайтын ит, енді бөтен кісі көрсе қыңызылат үйге тығыларатын болды.* Мағынаны инвариант етіп алатын болсақ, екі сөйлем бір мағынаны берудің түрлі жолдары, яғни синтаксистік парадигмасы болып табылады. Ал құрылымдық тұрғыдан келетін болсақ бірінші сөйлемде З интерактивтілік орталық бар. *Маңайлаптайтын, алып тастайтын, тығыларатын болды* барлығы есімше жүрнағы арқылы жасалған. Ал екінші құрылымда бір предикативтілік орталық бар. Алдыңғы екі етістік анықтауыштық қатынас жасап түр.

Есімшелердің есімдерге ұқсас қызметінің өзі бірнешеу. Олар біріншіден, есімше формалы етістік екінші бір есім сөздің алдында келіп, соның кимылсындық белгісін білдіреді де, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады. Екіншіден, есім тәуелденеді. үшіншіден, заттанып зат есім орнына қолданылады да, сөйлемнің барлық мүшесі бола алады. Төртіншіден, есім сөздер сияқты болымсыздық

мағына білдіретін жоқ, емес сөздерін тіркеп қолданыла алды т.б. [8, 101]. Осындағы анықтауыштың қызметі мен үйірлі анықтауыштық қызметі тығыз байланысты.

Кестеге назар аударыныз:

ӘДЕБІЕТ

1. Жаңабекова А. Функция ұғымы // КР УФА Хабарлары. 2003. №4. 34-40-бб.
2. Омар Б.Қ. Етістік негізді туынды сан есім семантикасы: АҚД. Алматы, 2001. 25 б.
3. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. Алматы, 1948. 86 б.
4. Горяева А.М. Функции эвенкийских причастий и их отношения к деепричастиям // Инфинитивные формы глагола. Новосибирск, 1980. С. 143.
5. Аманжолов С. ...

Атау тұлғалы есімше	С и н т а г м а л ы қ
п	1. Анықтауыш болу,
а	бастауышты, толықтауышты
р	анықтау
а	2. үйірлі анықтауыш жасау
д	бастауышты, толықтауышты
и	анықтау
г	
м	
а	
л	
ы	
қ	

6. Кулкенова О. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисі. Алматы, 1988. 87 б.

7. Кироф Е.Ф. Уровни языкового механизма и модель речевой коммуникации//Языковые уровни и их взаимодействие. Казань. 1990. С. 159.

8. Оразов М. Етістік. Алматы, 2001. 385 б.